

Осы жарияланым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы болып табылмайды, осыған байланысты банктердің атаулары жарияланбайды.

Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қаншалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, нысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты мерзімінен бұрын толық және ішінара алу талаптарын мұқият оқуға кеңес береді.

Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері

(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына жүргізілген мониторинг негізінде)

Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу 2026 жылдың 30 маусымына қарай қалыптасқан деректер

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзінің ішкі депозиттік саясатына сәйкес белгілейтіндігін хабарлайды. Сонымен қатар банктердің шешіміне Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтың басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерінің өзгеруі, сондай-ақ халық депозиттерін тарту мен ақшалай қор жасау бойынша шығыстар арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігі де әсер етеді¹.

2026 жылдың 05 маусымында Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 1,0 пайыздық тармаққа (п.т.) төмендетіп, 17,0%-ға жеткізу туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде маусым айында 10 банк (4 кішігірім, 4 орташа және 2 ірі банк) депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін төмендету жағына қарай қайта қарады. Өзгеріс барлық депозиттерде орын алды. Алайда қайта қарау саны бойынша да, пайыздардың азаю деңгейі бойынша да ең көп төмендеген – жинақ салымдары болды. Сонымен бірге, жекелеген банктер ақшаны орналастыру мерзіміне қарай, табыстылық жоғары қарай да, төмен қарай да түзетілді.

¹ халықтың депозиттерін тартудың агрессивті саясатын шектеу үшін Банктер ҚДКБҚ-ға жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді, оның мөлшері банктің орташа мөлшерлемесінің нарықтық мөлшерлемеден асып кету дәрежесіне және тарту көлеміне байланысты болады

Депозит нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі:

Депозиттің түрі	Өзгерістер		
	▲	▼	▼ ▲
Мерзімсіз	1 банк	3 банк	-
Толықтыру құқығы бар мерзімді	-	2 банк	2 банк
Толықтыру құқығы жоқ мерзімді	-	-	1 банк
Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар	1 банк	4 банк	2 банк
Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар	1 банк	6 банк	2 банк



Мерзімсіз депозиттер²

Мерзімсіз депозиттер қаражатты өте икемді басқаруға мүмкіндік береді: егер шотта төмендетілмейтін қалдық сақталса, ақшаны жоғалтпай немесе ең аз сыйақы шығынымен салуға және алуға.

Маусым айында 4 банк мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелерді қайта қарады:

- ▲ 1 кішігірім банк мөлшерлемені 0,3 п.т.-қа көтеріп, 14,7%-ға жеткізді;
- ▼ 1 кішігірім банк мөлшерлемені 0,5 п.т.-қа төмендетіп, 15,5%-ға жеткізді;
- ▼ 1 орташа банк мөлшерлемені 0,5 п.т.-қа төмендетіп, 12,6%-ға жеткізді.
- ▼ 1 орташа банк мөлшерлемені 0,6 п.т.-қа төмендетіп, 15,1%-ға жеткізді.

Мерзімсіз салымдар			
Көрсеткіштер	Маусым, 2025	Қаңтар, 2026	Маусым, 2026
Сегменттегі банктердің саны	16	18	18
Максималды мөлшерлеме	15,7%	16,9%	16,9%
Минималды мөлшерлеме ³	13,0%	13,0%	12,6%
Орташа мөлшерлеме	14,8%	15,3%	15,2%


Жекелеген банктер мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін төмендеткендігіне карамастан, салымдардың бұл түрі бойынша максималды мөлшерлеме 2025 жылдың қараша айынан бері маусым айында 16,9% деңгейінде сақталуда. Бұл инфляцияның біртіндеп төмендеп жатқан шағында анағұрлым икемді салымдар бойынша кәдімгідей жақсы, шынайы табыстылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Максималды деңгей өзгеріссіз қалып, минималды мөлшерлемелердің төмендеуі – банктердің пайыздық саясатының саралануы күшейіп жатқандығын білдіреді. Жекелеген банктер мерзімсіз депозиттердің талаптарын төмендеу жағына қарай қайта қарап жатса, басқалар депозит нарығында бәсекеге қабілетті орнын сақтау үшін әлі де халыққа тартымды мөлшерлемелер ұсынуда.

² мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

³ іріктемеге инфляция деңгейінен төмен мөлшерлеме ұсынатын 2 банктің депозиттік мөлшерлемелері енгізілмеді

1-графика. Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер⁴



Мерзімді депозиттер⁵

Мерзімді депозит – бұл жинақ және мерзімсіз салымдар арасындағы ымыралы нұсқа: мұнда мерзімсіз салымға қарағанда едәуір жоғары пайыздық мөлшерлеме ұсынылады және талаптары қаражатты басқаруда жинақ салымдарға қарағанда едәуір икемді. Яғни, ақшаны сақтау және молайту үшін тартымды қаржы құралы. Мерзімді салымдардың белгіленген мерзім барысында үстінен ақша салуға болатын және болмайтын түрлері бар.

Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар

2026 жылдың маусымында толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар ұсынатын банктердің жартысы сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарап шықты. Екі ірі банк салымдардың орналасу мерзіміне қарай, пайыздық мөлшерлемелерді екі жаққа қайта қарады, ал 2 орташа банк мөлшерлемелерді төмендетті:

- ▼ ▲ 1 ірі банк 3 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 1,1 п.т.-қа төмендетіп, 18,9%-ға тұрақтандырды, ал 6 және 12 айлық мерзім бойынша мөлшерлемелерді 1,8 және 1,2 п.т.-ға көтеріп, сәйкесінше 16,7% және 16,1%-ға жеткізді;
- ▼ ▲ 1 ірі банк 3 және 6 айлық мерзім бойынша мөлшерлемелерді 1,0 және 0,5 п.т.-қа төмендетіп, сәйкесінше 18,5% және 16,5%-ға тұрақтандырды, ал 12 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 0,5 п.т.-қа көтеріп, 15,5%-ға жеткізді;
- ▼ 1 орташа банк барлық орналастыру мерзімдері бойынша мөлшерлемені 1,0 п.т.-қа төмендетті, максималды мөлшерлеме 3 айлық мерзім

⁴ Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдары жоқ банктер бойынша олар 13 айға ұсынатын мөлшерлемелер пайдаланылды

⁵ Мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит – жеке тұлғалардың жаңадан ашылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесінде қарастырылған, шарттық талаптары бойынша Әдістемеде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын, сыйақы мөлшерлемесі тиянақталған депозит


бойынша 19,0%-ды, ал минималды мөлшерлеме 24 ай және одан да жоғары мерзім бойынша 5,0%-ды құрады;

- ▼ 1 орташа банк 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша мөлшерлемелерді 0,5 және 1,0 п.т.-ға төмендетіп, сәйкесінше 19,0% және 18,5%-ға тұрақтандырды.

Толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттер			
Көрсеткіштер	Маусым, 2025	Қаңтар, 2026	Маусым, 2026
Сегменттегі банктердің саны	6	7	8
Максималды мөлшерлеме	18,0% (3 ай)	20,0% (3 ай)	20,0% (3 ай)
Минималды мөлшерлеме	7,0% (24 ай)	10,0% (24 айдан жоғары)	5,0% (24 ай)

Осылайша 2026 жылдың маусымында банктер толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелерді көп жағдайда қысқа мерзімдер үшін төмендетті. Бұл ретте 20,0%-дық максималды мөлшерлеме 3 айлық мерзім бойынша сақталды.

2-графика. Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер




Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер

Депозит нарығында толықтыру құқығы жоқ мерзімді салымдардың үлесі әлі де шектеулі. Салымшылардың талғамы жинақ ақшаны басқаруда икемділікті қамтамасыз ететін, үстінен ақша салуға болатын депозиттерге немесе үстінен ақша салуға болмайтын болса да, үлкен табыстылық беретін жинақ салымдарға ойысқан. Нәтижесінде бұқаралық сегмент үшін бұл өнімді тек бір ғана банк ұсынады, оны тартуды ағымдағы жылдың наурыз айынан бастады. Сондай-ақ 2026 жылдың маусымында бұл банк қысқа мерзімдер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарап, оларға түзетулер енгізді:

- ▲ 3 айлық мерзім бойынша 0,2 п.т.-қа көтеріп, 18,0%-ға жеткізді;

- ▼ 6 айлық мерзім бойынша 0,2 п.т.-қа төмендетіп, 17,8%-ға тұрақтандырды.

3-графика. Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелер



Жинақ депозиттер

Жинақ депозиттер – салған ақшаны мерзімі аяқталғанша алуға болмайтын депозит. Бұл салған ақшасын мерзімі аяқталғанша алмауды жоспарлаған адамдар үшін өте тиімді салым. Алған жағдайда шот жабылады, сыйақы толығымен дерлік жойылады. Ал ақша 30 күннен кейін ғана беріледі. Жинақ салымдардың белгіленген мерзім барысында үстінен ақша салуға болатын және болмайтын түрлері бар.

Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер

2026 жылдың маусымында толықтыру құқығы бар жинақ салымдар ұсынатын банктердің тең жартысы сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарап шықты:


- ▲ 1 кішігірім банк 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша сыйақы мөлшерлемесін 1,2 және 0,4 п.т.-ға көтеріп, сәйкесінше 19,6% және 20,0%ға жеткізді;
- ▲ ▼ 1 кішігірім банк барлық мерзімдердің мөлшерлемелерін қайта қарады: 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша 1,5 және 0,5 п.т.-ға көтеріп, сәйкесінше 15,9% және 16,1%-ға жеткізді, ал 12, 24 және 24 айдан жоғары мерзімдер бойынша керісінше 1,4 п.т., 3,3 п.т., 2,2 п.т.-ға төмендетіп, сәйкесінше 14,7%, 7,2% және 7,2%-ға жеткізді;
- ▼ 1 кішігірім банк 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша мөлшерлемені 1,0 п.т.-қа төмендетіп, 19,0% деңгейінде бекітті;
- ▼ 1 кішігірім банк 6 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 1,0 п.т.-қа төмендетіп, 19,0%-ға тұрақтандырды;
- ▲ ▼ 1 орташа банк мөлшерлемені 3 ай мерзім бойынша мөлшерлемені 0,6 п. т. -ға 19,5% - ға дейін төмендетті және 6 және 12 ай мерзімдер бойынша 0,2 және 1,4 п. т. - ға 18,6% және 16,3% - ға жеткізді;

- ▼ 1 орташа банк мөлшерлемені 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша 0,5 және 0,4 п.т.-ға төмендетіп, сәйкесінше 20,0% және 18,3%-ға жеткізді;
- ▼ 1 орташа банк өзі ұсынатын барлық мерзімдер бойынша мөлшерлемені 1,0 п.т.-қа төмендетті: 3 айлық мерзім бойынша 19,0%-ға, 6 айлық мерзім бойынша 18,0%-ға, 12 айлық мерзім бойынша 14,0%-ға және 24 айлық мерзім бойынша 5,0%-ға жеткізді.

Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар			
Көрсеткіштер	Маусым, 2025	Қаңтар, 2026	Маусым, 2026
Сегменттегі банктердің саны	10	11	12
Максималды мөлшерлеме	18,4% (3 ай)	20,0% (3-6 ай)	20,5% (3 ай)
Минималды мөлшерлеме	5,1% (24 ай)	5,1% (24 ай)	5,0% (24 ай)

Осылайша, 2026 жылдың маусымында банктер толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелерді негізінен төмендету жағына қарай түзетіп шықты. Сонымен қатар бір мезгілде бәсекеге қабілеттілікті таныту және жаңа салымшыларды тарту мақсатында қысқа мерзімдер бойынша тартымды талаптар ұсынуын жалғастырды.

4-графика. Толықтыру құқығы бар жинақ салымдары бойынша мөлшерлемелер



Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер

2026 жылдың маусымында сыйақы мөлшерлемелерін ең көп қайта қарау толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттерде байқалды және олар көп жағдайда төмендетілу сипатында болды:


- ▼ 1 кішігірім банк 6 айлық мерзім бойынша 0,5 п.т.-қа төмендетіп, 18,5%-ға, 12 айлық мерзім бойынша 2,0 п.т.-қа төмендетіп, 15,0%-ға, 24 айлық мерзім бойынша 5,0 п.т.-қа төмендетіп, 10,0%-ға жеткізді;

- ▼ 1 кішігірім банк – 3 айлық мерзім бойынша 1,4 п.т.-қа төмендетіп, 15,9%-ға, 6 айлық мерзім бойынша 1,1 п.т.-қа төмендетіп, 16,1%-ға және 12 айлық мерзім бойынша 0,8 п.т.-қа төмендетіп, 15,9%-ға жеткізді;
- ▲ ▼ 1 кішігірім банк – 3 айлық мерзім бойынша 0,5%-ға көтерді және 6 айлық мерзім бойынша 1,0 п.т.-қа төмендетті, сөйтіп екі мерзімде де сыйақы мөлшерлемесін 19,0%-ға жеткізді;
- ▲ 1 кішігірім банк – 6 айлық мерзім бойынша 0,2 п.т.-қа көтеріп, 18,6% деңгейінде жеткізді;
- ▼ 1 орташа банк – 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша 1,0 және 2,5 п.т.-ға төмендетіп, 18,0%-ға, 12 айлық мерзім бойынша 3,5 п.т.-қа төмендетіп, 17,0%-ға жеткізді;
- ▼ 1 орташа банк – мөлшерлемелерді барлық мерзімдер бойынша 1,0 п.т.-ға төмендетті, максималды мөлшерлеме 6 айлық мерзім бойынша 17,5%-ды, минималды мөлшерлеме 24 айдан жоғары мерзім бойынша 8,0%-ды құрады;
- ▼ 1 орташа банк – 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша 0,5 және 0,2 п.т.-ға төмендетіп, сәйкесінше 19,5% және 17,8% деңгейінде бекітті;
- ▼ 1 ірі банк – 6 айлық мерзім бойынша 1,2 п.т.-қа төмендетіп, 17,2% деңгейінде тұрақтандырды;
- ▲ ▼ 1 ірі банк – 6 айлық мерзім бойынша 0,5 п.т.-қа төмендетіп, 17,0%-ға тұрақтандырса, 12 айлық мерзім бойынша 1,0 п.т.-қа көтеріп, 16,0%-ға жеткізді.

Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер			
Көрсеткіштер	Маусым, 2025	Қаңтар, 2026	Маусым, 2026
Сегменттегі банктердің саны	12	14	14
Максималды мөлшерлеме	18,8% (6 ай)	20,5% (6 ай)	20,5% (6 ай)
Минималды мөлшерлеме	6,3% (24 айдан жоғары)	6,3% (24 айдан жоғары)	6,3% (24 айдан жоғары)

Бұл сегментте максималды мөлшерлеме 6 айлық мерзім бойынша 20,5% деңгейінде сақталды. Ұзақ мерзімдер бойынша мөлшерлемелердің едәуір төмендеуі банктердің ұзақ мерзімге ақшалай қор жинау құнын төмендетуге талпынып жатқанын көрсетеді. Бұған нарықта ұзақ мерзімді келешекте ақшанесие саясатының төмендеуі мүмкін екендігі туралы болжамдардың бар екендігі себеп болуы ықтимал. Қысқа мерзімдерде жекелеген жоғары мөлшерлемелердің сақталуы банктердің бәсекеге қабілеттілікті сақтап, ақшалай қор жинауды қамтамасыз ету үшін ең танымал мерзімдер бойынша халыққа тартымды мөлшерлемелер ұсынуға тырысып жатқандығын көрсетеді.

5-графика. Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер



Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер

Сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер – бұл пайыздық мөлшерлемесі тиянақты бекітілмеген және салым шартының мерзімі барысында өзгеруі мүмкін салымдар. Сыйақыларды есептеу механизмі екі элементтің негізінде жасалады: базалық көрсеткіш, мысалы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі немесе инфляция деңгейі және тиянақталған үстеме (спред). Банк пайыздық спредтің шамасын шарт жасау барысында тиянақтайды және пайыздық спредтің мөлшерін арттыру және (немесе) салым мерзімін ұзарту жағдайын қоспағанда, өзгертуге жатпайды.


Пайыздық мөлшерлемесі бар депозиттер сегментінде 2026 жылғы маусымда бір банктің тиімді сыйақы мөлшерлемесі спредтің өзгермеген мөлшерінде базалық мөлшерлеменің төмендеуі салдарынан 15,1% - ға дейін төмендеді, ал басқа банктің спред мөлшері 3,24-тен 2,24 п.т. дейін төмендеді.

Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер			
Көрсеткіштер	Маусым, 2025	Қаңтар, 2026	Маусым, 2026
Сегменттегі банктердің саны	1	2	2
Өнімдердің саны	2	3	2
Максималды мөлшерлеме	15,9%	17,0%	15,9%
Максималды мөлшерлемеге қатысты спред	-1,75 п.т.	-2,3 п.т.	-2,24 п.т.
Минималды мөлшерлеме	-	15,9%	15,1%
Минималды мөлшерлемеге қатысты спред	-	-3,3 п.т.	-2,98 п.т.

Нарықта мөлшерлемесі құбылмалы бірнеше депозиттік өнімдердің бар болуына қарамастан, бұл сегмент таныла қойған жоқ. Даму серпіні әлсіз болуының себебі, бенчмарктің (базалық мөлшерлеменің) өсуі аясында мұндай

депозиттер бойынша табыстылық айтарлықтай өсімді көрсеткен жоқ, ал спред керісінше қысқарды.

6-графика. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер бойынша максималды мөлшерлемелер



Тұжырымдар

Банктердің сайттарына жасалған мониторинг мынаны көрсетті – 2026 жылдың маусымында базалық мөлшерлеме төмендетілген соң, банктер күтілгеніндей, депозиттік өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін түзетуге кірісті. Табыстылықтың төмендеуі – маусым айындағы басты үрдіске айналды. Бұл ақша-несие саясатының өзгеруіне, 2026 жылға арналған инфляция болжамының төмендеу жағына қарай қайта қаралуы және инфляциялық үрдістердің одан әрі бәсеңдейтіндігі туралы болжамдарға нарықтың заңды жауабы екені рас.

Әсіресе, толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша елеулі өзгерістер орын алды. Дәл осы сегмент бойынша ең жоғары табыстылық деңгейі байқалуда. Осыған байланысты мөлшерлемелерді түзету бірінші кезекте депозиттік өнімдердің осы түрін қамтыды. Бұл ретте мөлшерлемелер көп жағдайда орта және ұзақ мерзімдер бойынша айтарлықтай төмендеді. Бұлай болуына банктердің ұзақ мерзімді келешекте ақшалай қор жинау құнының әрі қарай арзандауы мүмкін екендігі туралы болжамдары себеп болған сыңайлы.

Банктік мөлшерлемелердің динамикасы базалық мөлшерінің өзгеруіне ғана емес, сонымен қатар ойыншылардың бейімделу уақытын қажет ететін ішкі саясатына да байланысты. Сонымен қатар, кейбір банктер күту позициясын ұстанады және бәсекелестердің әрекеттерін бақылайды. Осы уақыттың артта қалуына байланысты ставкаларды төмендету процесі келесі айда жалғасады деп күтуге болады. Қосымша әсер етуші фактор базалық мөлшерлеме бойынша 2026 жылғы 24 шілдеде жарияланатын кезекті жоспарлы шешім болады-ол бөлшек депозиттер нарығындағы ставкалардың одан әрі серпінін айқындайды.

Мөлшерлемелердің біртіндеп төмендей бастағанына қарамастан, әсіресе қысқа мерзімдердегі теңгелік депозиттердің табыстылық деңгейі әлі де жоғары деуге болады. Бұл банктердің анағұрлым сұранысқа ие депозиттік өнімдер бойынша өздерінің бәсекеге қабілеттілігін сақтауға ұмтылып жатқандығын көрсетеді. Осылайша, инфляция біртіндеп төмендеп жатқан шақта, банктер халықтың ұлттық валютадағы жинақ ақшаларға деген қызығушылығына қолдау көрсетіп, бұл салымдар бойынша әлі де тартымды, шынайы табыстылық ұсынуда.

ҚДКБҚ өз кезегінде тағы да еске салады: депозиттік өнімдерді таңдау барысында салымшылар сыйақы мөлшерлемесін ғана емес, банктің қаржылық орнықтылығын да ескергендері жөн. Банк салымы шартына қол қоймай тұрып, оның талаптарымен мұқият танысып шығуға, депозитті толықтыру және одан ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толықтай алу, келесі мерзімге автоматты түрде ұзартылу мүмкіндіктеріне, ҚДКБҚ кепілдігінің мөлшеріне және салымның басқа да маңызды талаптарына көңіл бөлуге кеңес береміз.

ҚДКБҚ кепілдіктерінің бар екендігінің арқасында депозиттер – жинақ ақшаны сақтау және молайту жолында сенімді және қолжетімді қаржы құралы болып қалуда. ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:



теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**



теңгедегі басқа да салымдар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **10 млн теңгеден;**



шетел валютасындағы шоттар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **5 млн теңгеден асырылмайды.**

Егер салымшының бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салымы бар болса, сол банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор әрбір салым бойынша белгіленген максималды кепілдік сомасын ескере отырып, салымшыға жиынтық кепілді өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.